

Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 1063. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Экономиканы монополиясыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты күшейту, бәсекелестік күрестің тәртібіне және шаруашылық құрылымдардың кооперативтендірілуі мен ұйымдық кірігуі процестеріне бақылауды қатайту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта құрылсын.

2. Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады, оған тікелей басшылықты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құрамына енгізілсін.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Президентінің 1995.04.07. N 2177 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде:
- Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекітсін;

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры туралы Ережені бекітсін;

- бұрын қабылданған актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту туралы" 1992 жылғы 5 мамырдағы N 736 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК